Келісілді
«Дарын» РҒПО директоры
_____Боранбай А. А.
«___» _____ 2020 ж.

Ө. А. Байқоңыров атындағы «Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріндегі білім беру» республикалық ғылыми-практикалық конференциясын өткізу ережесі

Жалпы ережелер

1. «Ө.А. Байқоңыров атындағы **«Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріндегі білім беру»** республикалық ғылыми-практикалық конференциясын» (бұдан әрі-Конференция) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы, Қарағанды облысының білім басқармасы, Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы өткізеді.
2. Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қарағанды экономикалық университеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған мемлекеттік университеті конференцияның серіктестері болып табылады.
3. Конференцияны өткізу форматы: online режимінде, YouTube сайтында трансляцияланатын ZOOM платформасында.

Конференцияның мақсаты

Конференцияның мақсаты: тиімді педагогикалық тәжірибені анықтау және жалпылау, қазіргі Қазақстанның әлеуметтік - экономикалық дамуының негізгі факторы ретінде адами капиталды дамытуға ықпал ететін идеялармен және шығармашылық бастамалармен алмасу.

Конференцияға қатысушылар

5. Конференцияға білім беру ұйымдарының, республикалық маңызы бар мектептердің, халықаралық мектептердің педагог қызметкерлері қатыса алады.
6. Республикалық конференцияға үміткерлерді ұсыну:
- мектептің педагогикалық ұжымымен;
-облыстың білім басқармасымен, «Дарын» өңірлік ғылыми-практикалық орталықтарымен, облыстың оқу-әдістемелік орталықтарымен, «НЗМ» ДББҰ басқармасымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Конференция жұмысының негізгі бағыттары

7. Конференция жұмысының бағыттарын жыл сайын конференцияның негізгі тақырыбы шеңберінде педагогикалық және ғылыми қоғамдастықтың мүдделеріне алдын ала жүргізілген мониторингті негізге ала отырып, ұйымдастыру комитеті айқындайды.
8. Конференцияның негізгі бағыттары мен пікірталас алаңдары:
1) «Өлкетану - ұлттық жаңғыру ретінде» (Идея: Қазақстанның киелі жерлерінің мәдени-географиялық белдеуін танымал ету, жаңа туристік маршруттардың жобаларын дайындау, киелі жерлердің ең жақсы танысу бағдарламаларын әзірлеу, туған өлкенің тарихын насихаттау, кіші отан туралы бұрын белгісіз болған ақпаратты жариялау, туған өлке азаматтарын танымал ету).
2) «Ақылды технологиялар - еңбек өнімділігін дамыту мүмкіндігі» (Идея: цифрлық технологияларды ұтымды пайдалану, жетілдіру және дамыту, еңбек өнімділігін арттыруға және қайта өңдеу өнімдерінің экспортын кеңейтуге бағытталған технологияларды әзірлеу, ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламалары, даму бағдарламалары).
3) «Ұлы дала мәдениеті. Мәдениеттегі ұрпақтар байланысы» (Идея: Қазақстан-мұнай ресурстарымен және ірі сыртқы саяси бастамаларымен танымал ел ғана емес, сондай-ақ тарихы, әдебиеті, сәулеті, музыкасы, қолөнері, ғылымы, инновациясы, мәдениет жетістіктері бай ел).
4) Тәрбиенің негізгі месседждері - XXI ғасырға лайықты қасиеттер: «Рухани жаңғыру» (Идея: өскелең ұрпақтың азаматтық-патриоттық, рухани-адамгершілік, еңбек, эстетикалық, зияткерлік (ақыл-ой), дене, құқықтық, көпмәдениетті және ұлттық тәрбиесі).
5) «Салауатты өмір салты - халық денсаулығы» (Идея: салауатты өмір салтын насихаттау, қоғам денсаулығын сақтау жобаларын ілгерілету, ұлттық ойындарды дамыту және танымал спорт түрлерінің тарихы).

Конференцияның мазмұны мен өткізу формасы

9. Конференцияны өткізудің жұмыс тілдері қазақ, орыс және ағылшын тілдері болып табылады.
10. Конференцияға қатысушылардың сөз сөйлеуі конференцияның таңдалған бағыттарына сәйкес ұйымдастырылады.
11. Пікірталас алаңдарын өткізу мен сөз сөйлеу барысында конференция қатысушыларына келесі талаптар қойылады:
- ұсынылған тәжірибенің өзектілігі;
- талқыланатын саладағы негізгі мәселелерді анықтау;
- жұмыс тәжірибесі туралы ақпарат алмасу;
- мәселелерді шешу жолдарын талқылау;
- зерттеу қызметінің нәтижесі;

- практикалық тәжірибенің мәні, оның технологиясы: нақты педагогикалық іс-әрекеттер жүйесі, жұмыстың ұйымдастырылуы, мазмұны, формалары, әдістері мен тәсілдері;
- конференция ұсынымдарына қосу үшін ұсыныстар қалыптастыру.
12. Сөйлеу кезінде компьютерлік презентациялар қолдануға болады.
13. Сөз сөйлеу регламенті - 5 минут
14. Конференцияның барлық қатысушылары конференцияға қатысқаны туралы атаулы сертификаттар алады.
15. Конференция жеңімпаздары мен жүлдегерлері «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

Конференцияны Ұйымдастыру Комитеті

16. Конференцияны ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады, оның міндетіне конференцияны ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ конференцияға ұсынылған материалдарды бағалау критерийлерін әзірлеу кіреді.
17. Ұйымдастыру комитеті конференцияны өткізу тәртібін, нысандарын, орны мен күнін айқындайды, қатысушылардың тізімін бекітеді.
18. Ұйымдастыру комитетінің құрамына «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының, Қарағанды облысының білім басқармасының өкілдері кіреді.

Ұйымдастыру комитетіне құжаттарды ұсыну тәртібі

19. Конференцияға қатысуға өтінімдерді, сөз сөйлеулерді, баяндамаларды қабылдау үлгіге сәйкес 2020 жылғы 10 қазанға дейін жүзеге асырылады және e-mail-ге жіберіледі: Baikonur2020npk@mail.ru.

Өтінім үлгісі

Ө.А. Байқоңыров атындағы жыл сайынғы «Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріндегі тәрбие мен білім беру» республикалық ғылыми-практикалық конференциясына қатысушының өтінімі	
Автордың (лардың) тегі, аты, әкесінің аты (толық)	
Мақаланың, жобаның атауы	
Секция атауы мен нөмірі	
Беттер саны	
Жұмыс (оқу) орны (толық)	
Лауазымы	
Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	
Пошталық мекен-жайы (индексімен)	
Байланыс телефоны	
E-mail	

20. Көрсетілген мерзімнен кеш жіберілген өтінімдер қабылданбайды.
21. Конференция жұмысының нәтижелері бойынша баяндамалардың электрондық жинағы шығарылады.

Мақалаларды рәсімдеуге қойылатын талаптар

22. Жіберілген мақала, баяндама мәтіндері келесідей рәсімделуі тиіс: бет форматы - А 4; шрифт Times New Roman; шрифт өлшемі – 14; жоларалық интервал – бір; абзацтың 1 жолының азат жолы – 1,25; барлық жиектері – 2 см.; мақала тақырыбын бас әріптермен жартылай қалың қаріппен рәсімдеңіз (ортасында туралау); баяндама атауынан кейін автордың (Авторлардың) тегі және аты – жөні, ғылыми жетекшінің аты-жөні, лауазымы, жұмыс орнының толық атауы (оң жақ шетімен туралау, шрифт өлшемі-12, курсив),.

Рәсімдеу үлгісі:

МАҚАЛА АТАУЫ

Айтбаев А.А., физика пәнінің мұғалімі,
ғылым. жет. Берікбаев Б.Б., пед.ғ.к,
№1 мектеп-гиманзия
Қарағанды қ.

Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні.

- сілтемелер, ескертулер және пайдаланылған әдебиеттер тізімі мақаланың соңында нөмірленген тізіммен беріледі (ескертулермен емес!) әліпбилік тәртіппен. Мәтінде сілтемелер тік жақшада, әдебиеттер тізімі және дәйексөз беттері бойынша нөмірі көрсетіле отырып жазылады, мысалы: [2:181]

Әдебиеттер тізімін рәсімдеу үлгісі:

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Аманжолов К., Түркі халқының тарихы. Ежелгі дәуірден XIV ғасырға дейінгі кезең – Алматы, 1996.

2. Немировский В.Г. Қазіргі Әлеуметтану және орыс мәдени дәстүрі / / СОЦИС. – 1994. – № 3. – Б. 23-29